

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қарашадағы N 1166 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "отбасының" және "адамның (отбасының)", "адамды (отбасын)", "адамдарға (отбасыларына)", "адамдардың (отбасылардың)", "адамға (отбасына)", "отбасы" деген сөздер "үй шаруашылығының", "үй шаруашылығын", "үй шаруашылықтарына", "үй шаруашылықтарының", "үй шаруашылығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) үй шаруашылығы - бірге тұратын және тұрғылықты бір жерге тіркелген, өздерінің табыстарын, мүлкін біріктіретін және тауарлар мен қызметтердің, оның ішінде тұрғын үй мен тамақ өнімдерінің белгілі бір түрлерін бірге тұтынатын адамдардың тобы. Үй шаруашылығы бір адамнан тұруы мүмкін;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жиынтық табыс - үй шаруашылығының ақшалай, сондай-ақ заттай нысанда алған табыстарының жалпы сомасы;"

б) тармақша алынып тасталсын;

3) 2 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі "жеті жасқа дейінгі балаларды" деген сөздерден кейін ", он сегіз жасқа дейінгі мүгедек-балаларды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұсынылған лайықты жұмыстан дәлелді себепсіз бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға, оқуға немесе қайта оқытуға қатысуды өз бетімен тоқтатқан жұмыссыз мүшесі болып табылатын үй шаруашылығы бас тартқан күннен бастап алты айға атаулы әлеуметтік көмек алу құқығынан айрылады.

Балаларды әлеуметтік қолдау қолданыстағы заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 3-баптың 4-тармағы алынып тасталсын;

5) 4 - б а п т а :

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Атаулы әлеуметтік көмек үй шаруашылығына тағайындалады. Үй шаруашылығының құрамына:";

7-тармақтағы "Өтініш беруші және алушы" деген сөздер өтініш беруші" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 5 - б а п т а :

1 - тармақ алынып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті органның немесе кент, ауыл (село) әкімінің тапсырмасы бойынша учаскелік комиссиялар үй шаруашылықтарының материалдық жағдайына зерттеу жүргізеді, қорытындылар дайындайды, оларға қол қояды және уәкілетті органға (кент, ауыл (село) әкіміне) ұсынады.";

7) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Жиынтық табысты есептеу

Үй шаруашылығының жиынтық табысын есептеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.";

8) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Үй шаруашылығына берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жиынтық табыс пен отбасының әрбір мүшесіне есептелген кедейлік шегінің арасындағы айырма түрінде есептейді.";

9) 9-бап алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК